

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 162 (9224) | 1953 жылғы 13 август Бейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Колхоздар мен колхозшыларды экономикалық жағынан демеу шараларын, сол сыяқты, салық саясаты саласындағы шараларды жүзеге асырудан колхоздар мен колхозшылардың табысы 1953 жылдың өзінде-ақ 13 миллиард сомнан аса, ал толық жылға есептегенде—20 миллиард сомнан аса артатын болады.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Ауылшаруашылық салығы туралы ЗАҢ

ССР Одағы Жоғарғы Советі қаулы етеді:
Ауылшаруашылық салығын едәуір азайтуды көздеп, 1953 жылғы 1 июльден бастап, колхозшылар шаруашылықтарына өз шаруашылығынан алатын кірістерінің жалпы сомасы мөлшеріне қарамастан,

колхозшылардың шаруашылықтарына ауылшаруашылық салығы колхоз үйінің өз пайдалануындағы үй іргесіндегі жердің гектарының әрбір жүзден бір бөлегіне берік ставка бойынша сзылатын болып белгіленсін.

басқалары да жалданып жұмыс істейтін болса немесе кәсіпшілік кооператив артелінің мүшесі болса;

б) егер шаруашылықта жұмыс көлігі болмаса және малы бір сыйырдан, не ірі бұзаулаған сыйырдан, сыйыр малының бір жас төлінен, жасы 6 айдан асқан бір шошқадан, бір жастан асқан 3 қой мен ешкіден көп болмаса, ал сыйыры мен шошқасы болмаса, төлдерімен бір жастан асқан 5 қой мен ешкіден көп болмаса;

в) егер шаруашылықта жер участогінің мөлшері ССРО Үкметі белгілеген нормадан аспайтын болса.

Егер салық салуда шаруашылықтары жер участогінің мөлшері ССРО Үкметі белгілеген нормадан артық болып шықса, финанс орындары, мұндай шаруашылыққа жеке меншікті шаруалар шаруашылығымен бірдей негіздерде салық салумен қатар, бұл туралы жер пайдалану тәртібінің бұзылуын жоюға заңда белгіленген шараларды қолдану үшін еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне хабарлауға міндетті.

9-статья. Орман күзеті қызметкерлерінің және су шаруашылығының линиялық пайдалану қызметкерлерінің шаруашылықтарына салық колхозшылардың шаруашылықтарымен бірдей негіздерде салынады, ол үшін олардың шаруашылықтары осы заңның 8-статьясында көрсетілген шарттарға толық үйлесетін болып, олардың қолындағы қызмет жөнімен жүріп тұруға берілген аттары шеттен пайда табуға пайдаланылмайтын болуы қажет.

10-статья. Семейның басшысы немесе басқа мүшесі Совет Армиясында, Соғыс-

Теңіз Флотында, шекара және ішкі әскерлерде қызмет атқаратын болса, егер үй шаруашылығындағы әйел мен оқушылардан басқа еңбекке жарайтын мүшелері жалданып жұмыс істесе, немесе кәсіпшілік кооператив артелінің мүшесі болып тұрса және шаруашылықтағы мал саны мен жер участогінің мөлшері осы заңның 8-статьясында көрсетілген мөлшерден аспайтын болса, колхозда мүше емес ондай шаруашылықтарға салық колхозшылардың шаруашылықтарына салық салу негізінде бірдей салынады.

11-статья. Осы заңның 8-10-статьяларында көрсетілген шарттарға сәйкес келмейтін шаруашылықтарға ауылшаруашылық салығы жеке шаруалар шаруашылықтарына салынатын салық мөлшерінде салынады.

Б. ЖЕКЕ ШАРУАЛАР ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНА САЛЫҚ САЛУ

12-статья. Жеке шаруалар шаруашылықтарына ауылшаруашылық салығы осы заңның 3-статьясында қарастырылған ставка бойынша, салық сомасы 100 процент арттырылып салынады.

13-статья. Ауылшаруашылық салығын төлеудің бірінші мерзіміне дейін колхозға кірген жеке шаруалар шаруашылықтары салықты колхозшылар үшін тағайындалған ставка бойынша төлейді.

Ауылшаруашылық салығын төлеудің бірінші мерзімінен кейін колхозға кірген шаруашылықтарға салық бойынша колхозшыларға тағайындалған ставкаға сәйкес колхозға кіргенге дейін уақыты жетпеген төлем мерзіміне байланысты қайта есеп жасалады.

IV. Ауылшаруашылық салығы жөніндегі жеңілдіктер

14-статья. Салық төлеуден мыналар босатылады:

в) селолық жерлердегі машина-трактор станцияларының, ауылшаруашылық ма-

Жеңілдік берерде быылғы жылы ерлер 60 жасқа толған және онан асқан болуы, әйелдер 55 жасқа толған және онан асқан болуы шарт, быыл 16 жасқа толмаған балалар, сол сыяқты әскери қызметшілер, оқу мерзімі бір жылдан кем емес оқу орындарының оқушылары салықтан босатылады, олар еңбекке жарамдылар қатарына жатқызылмайды.

20-статья. ССРО Министрлер Советіне халық шаруашылығының жекелеген салаларын өркендетуді жеделдету және басқа

V. Салықты төлемегендігі үшін жауапкершілік және салықты дұрыс салмағандық жөніндегі шағымдарды қарау тәртібі

22-статья. Уақытында салық салынбаған төлеушілерге әрі кеткенде 2 жыл өткеннен кейін де салық салына береді. Сол сыяқты, салықты дұрыс салмағандық жөніндегі шағымдар да өткен 2 жыл бойына төленген салықтарды төлеу және төлемей тағдырын шешу мүмкіншілігін береді.

23-статья. Егер төлеуші осы Заңның 22-статьясына сәйкес өткен жылдар үшін салық төлейтін болса, салық теңбе-тең екі мерзімде төлеуге жатады: 1 мерзім—төлем хабарландыруы тапсырылғаннан кейін 1 айдан соң және алғашқы төлеу мерзімінен соң үш ай өткеннен кейін.

24-статья. Салықты тағайындалған мерзімде төлемеген жағдайда салық сомасын берешектер жөнінде мына шаралар қолданылады:

а) салық төлеу мерзімін ұзаққа созыны үшін әрбір күнге 0,2 процент мөлшерінде өсім алынады;

б) салықты төлеу мерзімі өтіп кеткеннен кейін салық төлемеген адамның мүлкі

да қажетті уақыттарда қолдану мақсатында ауылшаруашылық салығы жөнінде қосымша жеңілдіктер тағайындауға пайдаланылады.

21-статья. Осы Заңның 3 және 12-статьяларына сәйкес шаруашылықтарға салынған салық сомаларын төлеудің мерзімдері мынадай:

салықтың жылдық сомасынан 1 мартқа—20 процент, 1 июньге—20 процент, 1 сентябрьге—30 процент және 1 ноябрьге—30 процент.

салықты төлеу ісін тоқтатпайды. Егер қарар төлеушінің пайдасын көздейтін болса, мұндай жағдайда дұрыс алынбаған сома және мүлік иесіне 10 күн мерзім ішінде қайтарылып берілуі тиіс.

Егер алынған мүлік сатылып кетіп, оны қайтару мүмкіншілігі болмаса, онда мүлікті сатудан түскен нақтыяы сома мүлік иесіне қайтарылуға тиіс.

27-статья. Бұл Заңды қолдану жөніндегі нұсқауды ССРО Финанс министрлігі шығарады.

28-статья. Бұл Заң 1953 жылғы 1 июльден бастап күшіне кіреді.

1953 жылдың 1 жарты жылдығы үшін ауылшаруашылық салығы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 7-майдағы «Ауылшаруашылық салығы туралы» Указы негізінде салынады және 1953 жылы берілген аванстық төлемнің жылдық мөлшерінің 40 проценті мөлшерінде жыйналады.

I. Жалпы ережелер

1-статья. Ауылшаруашылық салығы мыналар төлейді:

а) колхозшылардың — ауылшаруашылық артельдерінің, аралас кәсіпшілік ауылшаруашылық артельдерінің (кәсіпшілік колхоздарының) және балық аулау артельдері мүшелерінің шаруашылықтары.

б) жеке шаруалар шаруашылықтары және колхозда немесе әкімшілік жағынан селолық советтерге бағынатын селолық

жерде учасоктер бөлініп берілген басқа азаматтардың шаруашылықтары.

2-статья. Салық әрбір шаруашылықта оның пайдалануындағы жер участогінің көлеміне қарай есептеліп белгіленеді.

Салықтың мөлшерін белгілегенде жер участогінің жалпы көлеміне құрылыстар салынған, сол сыяқты бұталар, ағаштар, жұртшылық пайдалануындағы жолдар, сайлар мен жыралар шығарылып тасталып, олар есепке кірмейді.

II. Колхозшылардың шаруашылықтарына салық салу

3-статья. Колхозшылардың шаруашылықтарына салық жер көлемі гектарының әрбір жүзден бір бөлегіне берік ставка бойынша есептеліп салынады.

Одақтас республикалар үшін салықтың мынадай орташа және шеткі мөлшерлері белгіленеді:

Одақтас республикалар	Гектардың әрбір жүздігіне салық ставкасы (сом есебімен)	Республика бойынша орта ставка	
		облыстар үшін тағайындалған орта ставкадан әрі кеткенде асып кету мөлшері	ең аз ставка
РСФСР	8,5	3	14
Украин ССР:			
Шығыс облыстар	8,5	5	12
Батыс облыстар	4	2	6
Белорус ССР:			
Шығыс облыстар	6	3	9

Батыс облыстар	3	2	5
Өзбек ССР:			
Суармалы жерлер	22	—	—
Суарылмайтын жерлер	8	—	—
Қазақ ССР	8	4	13
Грузин ССР	13	4	25
Азербайжан ССР	12	6	18
Литва ССР	3	—	—
Молдаван ССР:			
Сол жақ жағалау аудандары	8	—	—
Оң жақ жағалау аудандары	4	—	—
Латвия ССР	4	—	—
Қырғыз ССР	9	4	13
Тәжік ССР:			
Суармалы жерлер	22	—	—
Суарылмайтын жерлер	8	—	—
Армян ССР	13	—	—
Түркмен ССР:			
Суармалы жерлер	20	—	—
Суарылмайтын жерлер	8	—	—
Эстон ССР	4	—	—
Карель -Фин ССР	5	—	—

ССРО Министрлер Советіне қажет болған жағдайда жеке одақтас республикалар үшін жоғарыда көрсетілген салық ставкаларын өзгертуге рұқсат етіледі.

4-статья. Облыстарға бөлінетін одақтас республикалардың Министрлер Советі осы Заңның 3-статьясында одақтас республикалар үшін белгіленген салықтың орташа мөлшерін өзгізге ала отырып, осы автономиялық республикалар, өлкелер және облыстар үшін салықтың орташа ставкаларын белгілейді, мұнда автономиялық республикалардың, өлкелердің және облыстардың экономикалық өзгешеліктеріне қарай белгіленген ставканы не көбейтіп, не азайтып отырады.

Облыстарға бөлінбейтін одақтас республикалардың Министрлер Советтері, автономиялық республикалардың Министрлер Советтері, еңбекшілер депутаттарының өлкелік және облыстық Советтерінің атқару комитеттері, республика, өлке немесе облыс үшін белгіленген салықтың орташа ставкаларын негізге ала отырып, жеке аудандар үшін, қажет болған жағдайда жеке селолар үшін де олардың экономикалық өзгешеліктеріне қарай салықтың ставкаларын белгілейді.

Белгілі бір жер үшін салықтың ставкасы жер учасоктерін жеке ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге пайдалануы,

III. Колхозда мүше емес шаруашылықтарға салық салу

а) Селолық жерлерде жер учасоктері бар жұмысшылардың, қызметшілердің және кәсіпшілік кооперативі артельдерінің мүшелерінің шаруашылықтарына салық салу.

8-статья. Колхозға мүше емес, пайдалануында жер учасоктері бар жұмысшылар мен қызметшілердің шаруашылықтары және кәсіпшілік кооператив артельдері мүшелерінің, оның ішінде қартайғандықтан немесе мүгедек болғандықтан пенсияға шыққан адамдардың шаруашы-

лығының шығымдылығын, өткізу рыноктарының болуын және табыс мөлшерін есебіне ала отырып белгіленеді.

5-статья. Колхозшылар, жұмысшылар және қызметшілер шаруашылықтарының жеке меншігіне сыйыр алуына ынталандыру мақсатымен сыйыры жоқ шаруашылықтарға түсетін салықтардың сомасы 1953 жылы 50 процент, 1954 жылы 30 процент кемітіледі. 1955 жылдан бастап мұндай шаруашылықтарға салық салу жалпы негізде жүргізілетін болсын.

6-статья. Өткен жылы семья мүшелерінің бірі колхозда белгіленген еңбеккүн минимумын дәлелді себепсіз таппаған колхозшылардың шаруашылығы салықты 50 процент артық төлейді.

7-статья. Үстіміздегі жылы колхоздан кетіп қалған, (шығарылған) шаруашылық оның колхоздан кетіп қалған (шығарылған) уақытына қарамастан жеке меншікті шаруалар шаруашылығымен бірдей негіздерде салық төлейтін болады.

Егер колхоз үйінің құрамында семьяның еңбекке жарайтын жеке мүшелері колхозға мүше болмаса немесе колхоздан кетіп қалса (шығарылса) және жалданып жұмыс істемейтін болса, онда осы заңға сәйкес мұндай шаруашылыққа салынған ауылшаруашылық салығы сомасы 75 процент арттырылады.

лықтары ауылшаруашылық салығын колхозшылардың шаруашылықтары үшін белгіленген ставкалар бойынша төлейтін болады, оның мынадай шарттары бар:

а) егер негізгі еңбекке жарайтын қызметкер үстіміздегі жылы 1 январьға дейін кемінде бір жыл жалданып тұрақты жұмыс істеген болса немесе осы уақыттың ішінде кәсіпшілік кооператив артелинің мүшесі болып келсе, ал, семьяның қалған еңбекке жарайтын мүшелері, үй шаруасындағы әйел мен оқушылардан

а) семьяның шаруашылық құрамында саналатын мүшесі Совет Армиясында, Соғыс-Теңіз Флотында, ішкі әскерлерде қызмет атқарса, колхозшылардың шаруашылығы мен колхозға мүше емес шаруашылықтары, ол үшін әскер қызметкерінің әйелінен немесе шешесінен басқа семьяда жасы 8-ге толмаған баласы бар еңбекке жарайтын адамы болмауы шарт;

б) құрамында Отан соғысының бірінші группадары мүгедегі бар шаруашылықтар, семьяда еңбекке жарайтын тек бір адамы ғана болуы шарт.

в) құрамында Отан соғысының екінші группадары мүгедегі бар шаруашылықтар, ол үшін семьяда еңбекке жарайтын адам біреу-ақ болып, 16 жасқа толмаған балалар болуы шарт;

г) құрамында Отан соғысының бірінші және екінші группадары мүгедегі бар шаруашылықтар, ол үшін семьяда еңбекке жарайтын екеу-ақ болып, 16 жасқа толмаған бес немесе онан да көп балалары болса.

Құрамында бір және екінші группадары соғыс және еңбек мүгедектері бар басқа шаруашылықтар үшін салықтың сомасы жартылай кемиді, ал еңбекке жарайтындар болмаса бұл шаруашылықтар салықтан толық босатылады.

Еңбек мүгедектерінің шаруашылықтарына арналған жеңілдіктер құрамында жалданып жұмыс істеп, еңбек мүгедегі болған, сөйтіп, әлеуметтік қамсыздандыру орындары бірінші немесе екінші группадары мүгедекке жатқызылған азаматтар шаруашылықтарына беріледі.

Мүгедек қайтыс болған жағдайда шаруашылыққа берілген жеңілдік жыл аяғына дейін сақталады.

15-статья. Салық төлеуден 60 жасқа толған және одан асқан ерлер, 55 жасқа толған және одан асқан әйелдер — колхозшылар мен жеке шаруалар — егер шаруашылықта басқа еңбекке жарайтын семья мүшелері еңбекке қатыспайтын болса, салық төлемінен босатылады.

16-статья. Салық төлеуден мыналар босатылады:

а) селолық бастауыш мектептердің, орталау мектептердің және орта мектептердің мұғалімдері (оның ішінде бұл мектептердің жәрдем алып тұруға шыққан мұғалімдері); селолық жерлердегі балалар үйлерінің директорлары, директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, тәрбиешілер мен еңбек жөніндегі нұсқаушылар;

б) Арнаулы білімі бар және мамандығы бойынша селолық жерлердегі кәсіпорындарында, мекемелерде және ұйымдарда жұмыс істейтін агрономдар, зоотехниктер, еу-техниктері, жерге орналастырушылар, меллиораторлар, малдәрігерлері мен фельдшерлер, медициналық дәрігерлер, орта медициналық қызметкерлер, мемлекеттік тағалық сақтау инспекторлары;

шыналарын күрделі жөндеуін аудан аралық мастерскойлардың, сол сыяқты совхоздардың, жылқы заводтары мен мемлекеттік жеміс питомниктерінің директорлары, директорлардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары, техникалық басқарушылар, инженерлер-техниктер, агрономдар, аға механиктер және механиктер. Аталған жеңілдіктер мына жағдайда беріледі:

егер Заңның осы статьясында көрсетілген азаматтар семьяның басшысы болса;

егер шаруашылықта жұмыс малы болмаса және бір ғана сыйыры, бір ғана қарамаздың төлі болса, бұған үстіміздегі жылдың төлі кірмейді, сонымен бірге алғы айдан асқан бір ғана шошқасы болса, бір жастан асқан төлді үш қойы және әпкісі болса, ал егер сыйыры немесе шошқасы болмаса онда оның орнына төлдерімен бестен артық емес бір жастан асқан 5 қой-әпкісі болса, ал қыйыр Солгүстікте және алыс жерлерде жеке меншіктегі мал саны ауылшаруашылық артелинің Уставында көрсетілгеніндей осы ауданға сай белгіленген мөлшерден аспайтын болса;

егер шаруашылықта жер учасокінің мөлшері ССРО Үкметі тағайындаған мөлшерден аспаса.

17-статья. Тағайындалған тәртіп бойынша басқа жерге ауыстырылған азаматтардың шаруашылықтары ССРО Министрлер Советінің қаулысына сәйкес көрсетілген мерзімге салық төлеуден босатылады.

18-статья. Кездейсоқ апаттардан (ауылшаруашылық дақылдар өгісінің көпжылдық жеміс өсімдіктерінің бұршақ соғудан, тасқын басудан, дауылдан, нөсерлеткен жауын суынан, өрттен, жер сілкінуден, жер қыртысының опырылуынан және сырғуынан; малдың шығын болуынан болатын апаттардан зиян шеккен шаруашылықтар зиянның мөлшеріне сәйкес еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттері арқылы ауылшаруашылық салығын төлеуден толық немесе жартылай босатылады.

Шаруашылық салық төлеуден осындай тәртіппен егер семьядағы негізгі жұмысшы қаза тапса, немесе ұзақ уақыт сырқаттанса, толық немесе жартылай босатылады.

Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне жеке жағдайларда үстіміздегі жылдың көктемгі айларында болатын суықтардан апатқа ұшыраған көпжылдық өсімдіктердің аялдарына салық есебінен салықтың мөлшерін кеміту правосы беріледі.

19-статья. Ауылшаруашылық салығы жөнінде жеңілдік бергенде еңбекке жармайтындар қатарына мыналар жатады:

а) әлеуметтік қамсыздандыру орындары арқылы бірінші және екінші группалы мүгедектікке шығарылған мүгедектер;

б) дала және басқа да жұмыстарға қатыса алмайтын жарымжандар,

хатталады және салықты төлемегендігі жөніндегі іс халық сотына беріледі. Оның қарары бойынша салық төлемеген адамның недейімканы толық өтеуге жететіндей мөлшерде мүлкі алынады;

в) егер салықты бірнеше рет төлемегендер болса, олар бас жауапкершілігіне тартылады.

25-статья. Салықты дұрыс салмағандығы жөніндегі шағым төлем хабарландыруы тапсырылғаннан кейінгі бір ай мерзімі ішінде аудандық финан бөлімінің меңгерушісіне беріледі.

Аудандық финан бөлімі меңгерушісінің қорытындысына разы болмаған жағдайда шағым 10 күн мерзімі ішінде өлкелік және облыстық финан бөлімдеріне, немесе облысқа бөлінбейтін республикаларда финан министрліктеріне беріледі.

26-статья. Өтініш және шағым беру

ССРО Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Н. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
8 август, 1953 жыл.

ССРО Конституциясының (Негізгі Заңының) 126-статьясына өзгертулер енгізу туралы ЗАҢ

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінде қабылданған, партия атының өзгеруіне байланысты, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі ССРО Конституциясының (Негізгі Заңының) 126-статьясына тиісті өзгертулер енгізуге және бұл статьяны мына редакцияда жазуға қаулы етеді:

«126-статья. Еңбекшілердің мүдделеріне сәйкес және халық бұқарасының ұйымшылдық талабы мен саяси белсенділігін өркендету мақсатымен ССРО-ның азаматтарының қоғамдық ұйымдарға: кәсіпшілер одақтарына, кооперативтік бір-

1953 жылдың 11 жартыжылдығы үшін ауылшаруашылық салығы осы Заңға сәйкес салынып, жылдық мөлшердің 60 проценті есебінде жыйналады. Бұл мөлшер 1953 жылғы 1 октябрьде және 15 ноябрьде тең мөлшерде төленеді.

29-статья. Осы Заңның күшіне кіруіне байланысты ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 7 майдағы «Ауылшаруашылық салығы туралы» Указы күшін жойды деп есептелсін, ол Указдың тек VI тармағы (құрамында жеке басты және семьясы аз азаматтары бар шаруашылықтардың салығына қосымша) 1953 жылдың аяғына дейін күшінде қалатын болсын.

30-статья. ССРО Министрлер Советіне ССРО Үкметінің ауылшаруашылық салығы жөнінде бұрын қабылдаған қаулысы осы Заңға сәйкестендіру тапсырылсын.

ССРО Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Н. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
8 август, 1953 жыл.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Н. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
8 август, 1953 жыл.

Бір тілек, бір мақсат

Біздің мақсат айқын, ал, бейбіт еңбегіміздің жемістері елеулі. Мұндай жағдайда жұмыс істеу де жеңіл.

Вильямс атындағы ауылшаруашылық артелинің (Мамлют ауданы) мүшелері, міне, бірауыздан осылай дейді. Олар ССРО Одағы Жоғарғы Советі бесінші сессиясының қарарлары мен Маленков жолдастың сөзін радиодан естісімен-ақ зор қуанышқа бөленіп, еңбек майданында жаңа табыстарға не бола бастады.

Колхоздың таңдаулы шошқа күтушісі Коваленко жолдас ауылшаруашылық салығының мөлшері азайтылудан колхозшы-

лардың көп пайда көретіндігін айқын цифрлармен дәлелдеді.

— Мен, — деді ол, — жаңа Заң бойынша салықты бұрынғыдан екі есе аз төлейтін болдым. Бұл мені жұмысты бұрынғыдан да жақсы атқаруға міндеттейді. Сондықтан да мал өсірушілер арасындағы социалистік жарыс туып жоғары ұстап, колхоздың Калининна, Береева және Котова жолдастар сыяқты мал өсірушілерін социалистік жарысқа шақырамын.

Коваленко жолдас жаңа қамқорлық үшін үкметіміз бен партиямызға зор алғыс айтып, бүкіл колхозшылар мен колхозшы әйелдердің тілегін білдірді.

Облыс еңбекшілері партия мен үкметке шексіз алғыс айтуда

Угітші Мемлекеттік бюджет туралы әңгіме өткізді

Оқу үйінің меңгерушісі, үгітші Сурманна жолдас радио арқылы соңғы хабарларды тыңдағаннан кейін, газет, журналдардың жаңа номерлерін алып, қырман басына келді. Иван Тимофеевич Савинков жолдас бастаған комбайн агрегатының мүшелері кезекті әңгімеге жыйналды. Олар үгітшіден дауыстап газет оқуды, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары туралы айтуды сұрады.

— Жақсы тілектеріңіз орындалады, — деді үгітші. — Бүгінгі әңгіме ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы.

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті кірісі бойынша 543,3 миллиард сом, шығысы бойынша — 530,5 миллиард сом кірісі шығысынан 12,8 миллиард сом артық болып тағайындалды. Бұл бюджет бесінші бесжылдықтың үшінші жылының жоспарын ойдағыдай жүзеге асыру үшін қажыландыруды қамтамасыз етеді. Сөйтін, еліміздің өнеркәсібі, транспорты, ауыл шаруашылығы, мәдениеті оған әрі өркендейді.

Сессия колхозшылардан және ауыл шаруашылығымен шұғылданатын басқа жұрттан алынатын ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заңды бекітті. Жаңа Заң бойынша 1953 жыл үшін салықтың жалпы сомасы 43 процент кемиді. Ал, келесі жыл үшін салық 1952 жылғымен салыстырғанда өкішарым еседен көп азайды. Мұның өзі партия мен үкметіміздің қоғамдық шаруашылықты оған әрі нығайту, колхозшы шаруалардың, сондай-ақ

ауыл шаруашылығымен шұғылданатын басқа да еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмысын арттыра беру жөніндегі зор қамқорлығы болып табылады.

Үгітші әңгімесінің соңында механизаторлар мен колхозшыларды сессияның қарарларына қажыры еңбектерімен жауап беруге шақырды. Мұнан кейін әңгімеге қатысушылар бірінен соң бірі қызу сөз сөйлеп, ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін зор қуанышпен қарсы алып, коммунистік партия мен туысқан совет үкметіне деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдірді. Олар егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде, үлгілі өткізу жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды.

— ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті, — деді комбайншы Савинков жолдас, — халық игілігіне жұмсалып, бейбітшілік ісін оған әрі нығайта береді. Мен партия мен үкметтің қамқорлығына қажыры еңбегіммен жауап беремін.

Совет адамдары сөзіне берік. Савинков жолдас соңғы үш күнде «Сталинец—6» қос комбайнмен 105 гектар жердің елінін орып, 1350 центнер астық бастырды. Осы сыяқты комбайншылар Калугин, Бишель және басқалары да социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін абыроймен орындауда.

В. СКИБСКИЙ,

Преснов ауданы, Ворошилов атындағы колхоз.

Совхоз жұмысшыларының қуанышы

Қыялы астық совхозының егін даласында еңбек күннен-күнге қыза түскен. Егін алаңдарында дала кемелері — комбайндар тоқтаусыз жүрде. Қырмандардан элеваторға астық тасыған автомашиналар дамылсыз жүрін жатыр.

Бұл күндері совхоздың механизаторлары, жұмысшылары мен басқа да қызметшілері зор жігер үстінде еңбек етуде. Оларды ССР Одағы Жоғарғы Советі бесінші сессиясының қарарлары мен Г. М. Маленков жолдастың сөзі жаңа ерлік істерге жігерлендірді.

Сессия қарарларын және Маленков жолдастың сөзін Шағылы астық совхозының коллективі де зор өрлеу үстінде қар-

сы алды. Мал өсіруші Қасенов жолдас өзінің сөзінде былай деді:

— Маленков жолдастың сөзі көкейге қонды болды, өйткені, ол еліміздің еңбекшілерінің мәдени-тұрмыстық дәрежесінің қай жолдармен оған әрі жақсара беретіндігін анық айтты. Бұл бізді, әрине, қуанышқа бөлейді, ал ауылшаруашылық салығының мөлшерін бұрынғыдан кеміту саясатының жүзеге асырылуы нәтижесінде менің шаруашылығым жыл сайын кемінде 300 сомдай пайда тапқалы отыр.

Қыялы және Шағылы совхоздарының жұмысшылары мен қызметшілері бұл қуанышты күндерде Үкмет пен партияның саясатын бұдан былай да қолдайтындықтарын білдірді.

Шексіз алғыс айтамыз

Бонюхов ауданының колхозшы шаруалары ССР Одағы Жоғарғы Советі бесінші сессиясының қарарларымен және Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген тарихи сөзімен зор ынта-жігер үстінде таңысып жатыр. Олар өздерінің сессия материалдарын талқылауға арналған жыйындарында үкмет пен партияның халқымыздың әл-ауқат дәрежесін арттыруға және ұлы Отанымыздың қорғанымаздық күш-қуатын арттыруға бағытталған қамқорлығына шексіз алғыс айтып, оған іспен жауап беретіндіктерін салтанатпен білдірді.

Мәселен, Каганович атындағы колхоздың мүшесі Шевелев жолдас колхоздағы таңдаулы пішеншілердің бірі болатын. Ол пішен маялауда жұмыс мөлшерін тек өзі ғана артық орындаумен қанағаттанбай барлық пішеншілердің қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемішпен қорын жасау жолындағы социалистік жарысқа ұштауын қамтамасыз етті.

— Партиямыз бен үкметіміздің жаңа қамқорлығы, — деді ол, — біздің күшімізге күш, жігерімізге жігер қосады, жұмысты көшегіден бүгін, бүгінгіден ертең еселеген жігермен атқаруға ынталандырады. Мен бұдан былай өзіме тапсырылған жұмыс мөлшерін анағұрлым арттырып, орындауға міндеттенемін.

Колхозшы шаруалар тракторшы Ротман жолдастың сөзін зейін қоя тыңдады. Ол капиталистік мемлекеттерде апаршылықтың, қайыршылықтың, жұмыссыздықтың өтек алып отырғандығын, ал, бұл капиталистік елдердің билеуші таптарының соғыс мақсатына қару-жарақты көптеп өндіріп жатқандығының салдары екендігін айта келіп, біздің елімізде еңбекшілердің әл-ауқат дәрежесінің күннен-күнге жақсарып отырғандығына нақтылы мысал келтірді.

Ротман жолдас үкмет пен партияның еңбекшілерге деген қамқорлығына жауап ретінде ұлғайтылған міндеттеме алды. Ол былай өзінің комбайнмен 750 гектар жердің дөңді дақылын жыйнамақ.

БІРАУЫЗДАН ҮН ҚОСТЫ

Жұмыс аяқталған кез. Дала қостарына егін даласынан колхозшылар лек-легімен қайта бастады. Олар қостарға келісімен ССР Одағы Жоғарғы Советі бесінші сессиясының қарарларын және Маленков жолдастың сөзін тыңдап, зор қуанышқа бөленді. Олар бұл материалдардың колхоздарда еңбек өнімділігін арттыруда, колхоз-

ЕГІН ОРАҒЫ МАУСЫМДЫ ЖҰМЫС

Полудень ауданындағы жайбарақаттық

Август айының бірінші бескүндігінде ауданның бірде бір колхозы, немесе, совхозы егін орағына шыдап кіріспеді. Тек Полудень МТС-нің қамтуындағы кейбір шаруашылықтар, атап айтқанда Ворошилов атындағы, Киров атындағы, Сталин атындағы колхоздарда 35-60-120 гектардан ғана бидайық шөп, Свердлов атындағы және Ленин атындағы колхоздарда небәрі 5 гектардан бұршақ пен жаздық бидай дақылдары орылды.

Бұл кезде аудан басшылары егін орағының төзгісіз көш және баяу жүргізілуін былай деп түсіндірді:

— Біздің ауданның өзіне тоң географиялық «ерекшелігі» бар. Ново-Георгиевка МТС-нің қамтуындағы колхоздардың егісі орман алқаптарында болғандықтан әлі балбыраған көкше күйінде. Ал, Полудень МТС-і колхоздарының жері орманды-далалы. Дегенмен, бұларда да бидайық шөп пен арпа, қара бидай сыяқты дақылдарды ғана іріктен оруға болады.

Расында жағдай осылай ма еді? Жоқ, бұлай емес. Біз кейбір басшылардың егіңді, «көкше» деген керіпартия желеулерімен тіпті де келісе алмаймыз. Өйткені, ауданның бір қатар колхоздарында, әсіресе, Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздарда август айының бірінші бескүндігінде жүздеген гектар дөңді дақылды егін піссе де, ол орылмады. Мұның себебі аудан басшыларының жергілікті жердегі жағдайды жете білмеулерінен, сонымен қабат комбайн және трактор парктерінің сапалы жөнделмеуінен, олардың қуаты толық пайдаланылмаудан болып отыр деуіміз керек. Бұл ішіркімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық.

«Путь Ильича» колхозы аудандығы ірі шаруашылықтардың бірінен саналады. Оның егіс көлемі үшжарым мың гектардан астам. Мұның өзі қыр кемесі — комбайндардың егін орағына сақадай сай әзірлігіне, олардың егін орағында сағаттық графика бойынша жұмыс істеуін талап етеді.

Колхоз председатели, агроном Сибгатуллин жолдас мұнан 15 күндей бұрын, август айының алғашқы күндерінен бастап жүздеген гектар егінді, соның ішінде жаздық бидайды орау қажет екенін хабарлап, МТС басшыларынан колхозға келетін 8 комбайнды тез жіберуді сұрады. Бірақ, амал не, орынды тілекке МТС басшылары кезінде құлақ аспады, комбайндардың жіберілуін кешіктірді. Бұған колхозшылар қатты қыжылды. Өйткені, бұл кезде, август айының 1—2 күндері 200 гектардай жаздық бидай пісіп, желді, ыстық күндердің лөбізіне шыдай алмайтын болды. Сөйтін, уақыт өткен сайын піскен егіндердің көлемі еселеп өсіп жатты, оның

мады. 4 комбайнның бірі комбайншы Дайтхэ жолдас істейтін «Коммунар» комбайны өгіс даласына жетпей, колхоздың темір ұстаының үйіне келіп, жөндеуге тоқталды. Оның жұмысқа қашан қосылатынын айту қиын.

Екінші бір «Коммунар» комбайнның (комбайншысы Керімов жолдас) ең қажетті бір бөлшегі МТС мастерскойында қалып қойыпты. Осы себепті бұл комбайн бір тәулік бос тұрды. Колхоз МТС мастерскойына арнаулы адам жіберіп, атшаптырды. Ақыры аға механик Кубыкин жолдастың сапақтығы мен жауапсыздығынан қалып қойған бұл бөлшекті алдырды. Бірақ, мұнымен де істің сәті болмады. Екінші күні жұмысқа қосылған комбайн орнынан 50-ақ метр қозғалып, тоқтан қалды. Күрделі бөлшектердің бірі сынды. Бұл күні МТС мастерскойына тағы да арнаулы шапқыншы жіберілді. Қажетті бөлшек жаңадан әкелініп орнатылды. Ішінші күні комбайнның дәл сол бөлшегі қайта сынды.

— Мен бірінші жыл істеймін, тәжірибем зөп, — дейді комбайншы Керімов жолдас. — Комбайнның күрделі трансформаторының тісі қайта-қайта сына береді. Нелік-ен екенін білмеймін. Екі күндей МТС-ке әлефон соғып, участоттық механик Еременко жолдастың келіп көмек көрсетуін ұрадым. Еременко жолдас келмей-ақ қойды.

№ 2 егіс бригадасына келген «Сталинец—6» қос комбайны (агрегат бастығы Найбер жолдас) біржарым сағаттың орнына, күні бойы техникалық күтімде тұрып, күн батар алдында ғана жұмысқа қосылды. Колхозға келген 6 комбайнның жұмыс жайы, міне, осындай.

— Егер МТС басшылары, — дейді колхоз председатели Сибгатуллин жолдас, — комбайндарды деркесінде жіберіп, олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етсе, август айының бірінші бескүндігінде кемінде 300-400 гектар егін орылған болар еді. Қазір мың гектардан астам егін пісіп тұр, астықтың ысыраққа ұшырау хауші бар. Алайда, МТС-тің мамандарымен, әсіресе, механиктері, сондай-ақ аудандық ауылшаруашылығы және дайындау бөлімінің басшылары істің жайын жақсарту жөнінде нақтылы көмек көрсетуді ұмыттып жүр.

Егін орау, мемлекетке астық тапсыру жұмысы комбайн және трактор парктерінің өнімді пайдаланылуында ғана емес, колхоздың жұмысты ұйымшылдықпен жүргізуіне тікелей байланысты. Бұл жөнінде «Путь Ильича» колхозы егін орағына әзірлікте бірсыпыра жұмыстар істегел. Қажетті астық қырманлары тазаланып,

партиялық-саяси жұмыстың жайы мүлдем қанағаттанғысыз. Егіс бригадалары мен трактор отрядтарында социалистік жарыстың барлығын баяндайтын көрсеткіш тақталары мен жауынгерлік листоттарды іздеп таба алмайсыз. Дала жұмысындағы колхозшылар арасында үгітшілердің дауыстап газет оқу, әңгіме өткізу сыяқты үгіт-букаралық жұмыстары ұмыт қалған. Колхоз партия ұйымының секретары Бондаренко жолдас егін орағы кезіндегі саяси-букаралық жұмыстың жоспарын формальді түрде ғана жасап, оның орындалуына немқетті қарайды. Бұл жағдайды аудандық партия комитеті, оның насихат және үгіт бөлімі біле тура істің жайың жақсарту жөнінде нақтылы басшылық жасауды елемейді.

Егін орағының жайы жалғыз «Путь Ильича» колхозында ғана емес, «Красная звезда», Свердлов атындағы, Ленин атындағы колхоздарда да бетімен жіберілген. «Красная звезда» колхозында бірінші бескүндікте арпа, қара бидай сыяқты дақылдар мен бидайық шөптерін айтпағанда 200 гектардан астам жаздық бидайды орауға мүмкіншілік болды. Бірақ, комбайндар кезінде жіберілмеді. Бұл колхозға алғашқы комбайн августың 5 күні келді. Алайда, Павловский жолдас басқаратын «Сталинец—6» қос комбайны сабан шемелелегішпен қамтамасыз етілмегендіктен егіс ба-сында босқа тұрды. МТС басшылары Павловский жолдасқа «комбайнды колхозға алып бара бер, сабан шемелелегішті соңынан жөндеп жібереміз» деп жібере салған.

Павловский жолдастың комбайн агрегатын № 1 егіс бригадасы қамтыды. Солай бола тұрса да, егіс бригадасының бригадирі Тонконогов жолдас комбайн агрегатын қамтытын колхозшыларды, көлік күштерін күнілгері белгілемеген. Қорыта айтқанда бұл колхозда бірінші бескүндікте егін орағына кіріскен бригада, немесе, комбайн агрегаты болған жоқ.

Агроном — астық үшін күресті ұйымдастыруда негізгі тұлға. Ол егінді кезінде орызу, бірде-бір дөңнің жерде қалмауы үшін күрес жүргізуге тиіс. Бірақ, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас агрономы Гузь жолдас өз міндетінің дәрежесінде бола алмай жүр. Ол бірінші бескүндікте аудан колхоздарында дөңді дақылдарды, әсіресе, жаздық бидайды орауға болмайды деп жөлд. Оған «Путь Ильича», «Красная звезда» колхоздарында жүздеген гектар жаздық бидайдың қурап пісіп, орылмай тұрғанын айтсаңыз, «рас па, бұл шаруашылықтарда мен болмап едім» деп таңырқайды. Бае агрономның аудан колхоздарының егін жайын білмеуі кешіргі-

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете береміз

ССР Одағы Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының қарарлары және ССРО Министрлер Советінің председателі Георгий Максимович Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзі Молотов атындағы колхоздың (Полудень ауданы) колхозшылары арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Колхозшылар сессия материалдарын және Маленков жолдастың сөзін партия мен үкметіміздің колхозшы шаруалардың мәдени-тұрмыстық дәрежесін онан әрі арттырудың тағы да бір айқын програм-

масы деп біліп, оны зор қауағаттанған-дық сезіммен қарсы алды.

Колхозшылар жыйынында бірінші болып сөз алған озат сауыншы Попова жолдастың үстіндегі жылдың 1 августына дейін әрбір сауын сыйырдан 1200 литрден сүт сауды және қарауындағы 12 сыйырдан бір-бір төл өсірді. Сессия қарарларын және Маленков жолдастың сөзін тақылауға арналған жыйында, ол жыл аяғына дейін әрбір сауын сыйырдан алынған сүт мөлшерін екі жарым мың литрге жеткізуге міндеттенді.

Жемшөп дайындау қарқынын бәсеңдетуге болмайды

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын өркендетудің айқын шаралары белгіленген. Мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда жемшөп дайындау шешуші роль атқарады. Партия, совет ұйымдарының көзіргі кездегі негізгі міндеттерінің бірі — қоғамдық малға кем дегенде біржарым жылдық азық дайындауды қамтамасыз ету.

Облыстың озат колхоздары егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын тығыздықты жүргізумен қатар мал азығын дайындау қарқынын да еселен арттырады. Мұның өзі ауылшаруашылық жұмыстарының барлық саласын бір-бірімен тығыз ұштастыра жүргізудің, қолда бар күш-мүмкіншіліктерді сарқа пайдаланудың нәтижесі. Бірақ, мұндай шаруашылықтардың саны өте аз. Көп жерлерде жемшөп дайындаудың барысы бұрынғыдан да нашарлап кетті.

Фактілер мынаны көрсетеді: кейбір аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімдерінің, сол сияқты колхоздар мен МТС, совхоздардың басшылары шаруашылыққа біржолатты басылым ете алмай біржақтылыққа салынып, шөп шабуды баяулатып алған. Колхоздарда жоспар бойынша дайындалатын шөптің, тонна есебімен алғанда, жартысы да дайын болған жоқ. Өткен онкүндіктің тапсырмасын аудандардың бірде-біреуі орындамады. Тіпті аудандардың барлығы да осы айдың алғашқы онкүндігінде июльдің соңғы онкүндігімен салыстырғанда шөпті анағұрлым кем шапты. Бұл жемшөп дайындауға басшылықтың мүлдем нашарлап кеткендігін көрсетеді.

Мал азығын дайындаудың қарқыны не-

ліктен бәсеңдеп кетті? Әлде күнделікті және бескүндік тапсырмаларды орындауға қажетті мүмкіншіліктер жеткіліксіз бе? Жоқ. Колхоздардың қайсысында болса да, жемшөп дайындаудың тапсырмасын толық емес, артығымен де орындауға болады. Ендігі мәселенің сыры ішкі мүмкіншіліктерді іске толық қоса алмағандықта, колхоз сияқты көп салалы, ірі шаруашылықты жаңа талапқа сай басқара білмегендікте болып отыр.

Шөп шабудың қарқыны қандай төмен болса, оны жыйнаудың барысы да сондай нашар. Преснов, Ленин, Петропавл сияқты аудандардың колхоздарында шабылған шөптің үштен бір бөлігіне жуығы маяланған жоқ. Ленин ауданында шөп шабу мен оны жыйнаудың арасында он мың гектардан артық алшақтық бар.

Петропавл аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің басшыларымен әңгімелессеңіз:

—Жемшөп дайындауда аудан бойынша алда келе жатқан колхоздардың бірі Фурманов атындағы ауылшаруашылық артеді, мұнда шөп шабу жоспары көзірдің өзінде артығымен орындалды, — десеңіз.

Рас, бұл колхозда шөп шабу жоспары гектар есебімен алғанда орындалған. Бірақ, бұған тоқмейілеуге болмайды. Колхозда шөп дайындау жоспарының тонна есебі бойынша жартысы да орындалған жоқ. Колхоз председателі Сафронов жолдас осы уақытқа дейін мал азығын сүрлеу, дайындауға шөпті мал қораларының қасына тасу сияқты күрделі жұмыстарды ұйымдастырмай отыр. Ол, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің басшылары сияқты, шөп шабудың тек қана гектар есебі бойынша жаман емес екеніне масақтанумен жүр.

Мұндай жағдай ауданның басқа колхоздарында да кездеседі. Ворошилов атында-

дайын онан әрі жақсартуда зор маңызы бар екендігі жөнінде әңгімелесті.

Колхозшы Селинский жолдас үкмет пен партияның жаңа қамқорлығына іспен жауап беруге жаппай жұмылуға шақырды. Ол:

—Егінді қысқа мерзімде ысыралсыз жыйнап алып, мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетейік, — деді.

Булаев ауданындағы «Гигант» колхозының барлық колхозшылары бұған бір-ауыздан үн қосты.

Жамбыл атындағы, Калинин атындағы колхоздарда істің жайы бұдан да нашар. Оларда шөп дайындаудың жоспары жартылай та орындалмаған. Ворошилов атындағы колхозда соңғы бескүндікте тапсырманың үштен бір бөлігінің аз-ақ артығы орындалды.

Бұл ауданда, әсіресе, көлікке жетілетін шөп машиналарының қуатын пайдалану бүгінгі талапқа жауап бермейді. Август айының бірінші бескүндігінде қолда бар 146 көлікке жетілетін шөп машинасының небары 17-сі ғана жұмыс істеді. Өздігінен жүретін шөп машиналарының бірқатары техникалық күтімнің нашарлығынан мүлдем жұмыс істемейді, немесе күнделікті норманы орындамайды.

Облыста мал азығын сүрлеу жұмыстары да олқылықта. Октябрь, Приешім, Преснов, Петропавл аудандарында бұл жөніндегі жоспардың жартысы да орындалмай отыр. Ал, Приешім ауданында мал азығын сүрлеу жоспарының небары онан бір бөлігі ғана орындалды. Мал азығын сүрлеуде көптеген МТС-терде баяу қарқынмен жүргізіліп келеді. Мәселен, Асанов МТС-інде сүрленетін шөпті кесіп турауға үш комбайн бейімделсе, олармен маусым басталғалы жарты мың тоннадан артық шөп кесіп туралған.

Үстіміздегі жылы облыс машина-трактор станциялары мал азығын дайындауға қуатты жаңа машиналармен жеткілікті мөлшерде толықтырылды. Осыған қарамастан МТС-тердің көпшілігінде жемшөп дайындау артта қалып қойды. Шөп шабу жоспарын гектар бойынша орындалған МТС-тердің өзі де өте-мөте аз. Ал, Майбалық, Семиполка, Сартомар, Шатлы тағы басқа бірқатар МТС-тер шабылған шөпті маялау жұмысын күні бүгінге дейін қолға алған жоқ. Бұл МТС-терде бірде-бір тонна шөп маяланбауының өзі таңқаларлық іс. Тегінде МТС басшылары жайбарақаттыққа салынып, «шабылған шөпті өйтіп-бүйтіп жыйнап алармыз» деген зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай жүрген көрінеді. Мұндай үлкен

Тек осы кезде ғана МТС-тен 8 комбайнның орнына 2-ік комбайн келді. Бұл өсеуінің алғашқы күнінен бастап жүруінен бос тұруы көп болды. Үш күнде екі комбайнмен небары 9 гектар арпа мен 5 гектар жаздық бидай егін орылды.

Колхозшылар тиісті комбайндардың түгел келмеуіне, ал келген комбайндардың өнімді жұмыс істемеуіне тағы да таң қалып, МТС басшыларына қатты ренжіе білдірді. Осыдан кейін колхозға 4 комбайн жіберілді деген хабар келді. Енді істің жайы жақсарар деген үміт болды. Бірақ, не пайда, соңғы келген комбайндар да келген бетінде жұмысқа дереу қосыла алмай, кемшілікті тезарада жою — аудандық партия комитеттерінің, аудан Совет атқамдерінің, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының, оның жергілікті орындары басшыларының кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі.

Көзір ауылшаруашылық жұмыстарының ең шешуші кезеңінің бірі басталды. Колхоз, совхоздар бітік шыққан егінді жыйнауға қызу кірісті. Бұл егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру, күздік егіс өту, зияб жұрту жұмыстарымен қатар жемшөп дайындауға басшылықты аяғырлым жақсартуды талап етеді. Істің тегі әрбір шаруашылықтардағы ішкі мүмкіншіліктерді сарқа пайдалануда, егіншілер мен мзшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыруда, астық шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы социалистік жарысты құлап жая өрістетуде болып отыр. Ауылшаруашылық жұмыстарының қай саласын болса да алда тұрған міндеттерге сай жүргізу, бұл үшін коммунистер мен комсомолдерге және партияда жоқ активтерге сүйене отырып, еңбекшілердің қалың бұқарасын жаңа табыстарға жетуге жұмылдыру — аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының төл ісі.

Алда тұрған міндет — жемшөп дайындауға орын алып келген кемшіліктерді тезарада ақырына дейін жойып, шөп шабу, оны жыйнау және маялау, сүрлеу жөніндегі жоспардың әрбір колхоз бойынша толық және артығымен орындалуына жетісу. «Егін жыйнау басталып қалды, сондықтан мал азығын дайындау жөніндегі тапсырмаларды орындауға мүмкіншілік жоқ» деген кейбір жерлердегі зиянды пікірдің түп тамырымен жойылуы қажет.

Шөп шабудың ең қолайлы мерзімі өтін кетті. Бұл жұмысты енді көшке созуға болмайды. Жемшөп дайындау жұмыстарының барысын дереу жақсартып, колхоздар мен совхоздарда қоғамдық малға қажетті астықты жеткілікті мөлшерде дайындауын қамтамасыз ету керек.

К. БОЛАТОВ.

дәй тазартып машиналармен толық жаздықталуда. Комбайндардан түскен астықты қырманға тасыйтын адамдар бөлініп, олар көлік және машинамен қамтамасыз етілген. Колхозшылар егін ору және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үлгілі өткізу үшін ақмоалықтардың үндеуіне үн қосып, көтеріңкі міндеттемелер алу-да.

Алайда, колхоздың егін ору жұмысында елеулі кемшіліктер де жоқ деуге болмайды. Ол кемшіліктердің бірі егіншілердің, соның ішінде механизаторлардың егін даласында қона жатып жұмыс істеулері үшін қажетті мүмкіншіліктердің жасалмауында болып отыр. Мәселен, № 2 егіс бригадасындағы колхозшылар мен тракторшылар 5—6 километр жердегі үйлерінен келін жұмыс істейді. Бұл кемшілікті колхоз басшылары жедел жоюға тиіс.

Осы сияқты атап айтатын бір мәселе сол — колхозда, әсіресе, егіншілер арасында

Аудан колхоздарында екінші бескүндікте де егін жыйнау, науқаны мүлдем қанағаттанғысыз жүргізілді. Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздарда екінші бескүндікте небары мың гектардай ғана егін орылуы, жүздеген центнер астықтың қырманда жатуы мұны толық дәлелдейді.

Егін жыйнау науқаны маусымды жұмыс. Олай болса, Полудень ауданының басшылары колхозшы шаруалар мен механизаторлардың, совхоз жұмысшыларының социалистік жарысын жеңінен өрістете отырып, егін жыйнау науқанының алғашқы күндеріндегі кемшіліктерді батыл жоюға, бұл науқанды үлгілі ұйымдастыруға тиіс. Бұл үшін егін орағындары негізгі күш — комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне, әрбір колхозда жұмыстың ұйымшылдықпен жүргізілуіне жетісу қажет.

М. НҰРҒОЖИН,
(Арнаулы тілшіміз).

Бес күнде — 186 гектар

Комбайншы Григорий Желиба Совет ауданындағы Ленин атындағы колхозда жұмыс істейді. Ол егін жыйнау жұмысы басталған күннен-ақ, техника қуатын сарқа пайдалана отырып, еңбектің жоғары өнімділігіне жетісіп келеді. Желиба жолдас «Сталинец—1» комбайнымен егін жыйнауға кіріскеннен бергі бес жұмыс күні ішінде 186 гектар егін жыйнады.

Желиба жолдас астық алғашқы күндерден бастап мұндай жоғары көрсеткіштерге ие болуы — ең алдымен, агрегатта еңбек тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуында болып табылады. Комбайнда жұмыс таңертеңгі сағат 5-тен басталып, кешкі сағат 11-ге аяқталады. Комбайннан астық алу үшін арбалар жеткілікті бөлінген. Комбайннан астық түсіруге, су және жанар май құюға

уақыт үнемделіп жұмсалады. Желиба жолдас өзінің көмекшісі Юрий Штетельмен уақытпен санаспай еңбек етіп, комбайнның тоқтаусыз егін жыйнауын қамтамасыз етіп келеді.

Комбайншы Желиба жолдас ақмоалықтардың үндеуіне іспен жауап беру үшін өзінің жолдастарымен бірлесе отырып, былай 25 жұмыс күні ішінде 600 гектар егін жыйнауға және 6 мың центнер жоғары сапалы астық бастыруға міндеттеме алған болатын. Ол еңбек өнімділігін еселен арттыра отырып, бұл міндеттемесін аброймен жүзеге асырады. Бұған ешбір күмән жоқ.

В. МУХАМЕТОВ,
Совет ауданы.

ТҮЗЕТУ

Газетімізде осы жылғы 9 августа жарияланған ССРО Финанс министрі А. Г. Зверевтің баяндамасында 1 беттің бесінші колонкасының сегізінші абзацының соңғы сөйлемі былай деп оқылсын:

Редактордың орынбасары **Г. НҰРМОЛДИН.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МЕН АНЫПТАИМЫН»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРАДА

«ТАҒЫ БАРА»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.